ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 5 наурыз іс №7119-26-00-2/85 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Қ.Б.Есибаев.,
сот отырысының хатшысы Абдрасіл Ү.М.,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«LK Astana» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Болатбек А.А.,
жауапкердің өкілі Жуманкулова Л.О.
аудармашы Габдулжапар К.Ж.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 04 желтоқсанда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Жеткізуші/Өнім беруші) арасында 330 000 теңге сомасына мемлекеттік сатып алу туралы қызмет көрсету шарты жасалған.

Шарттың нысанасы Музейдің құқықтық қамтамасыз ету қызметінің үш қызметкері үшін біліктілікті арттыру бойынша оқу курсын ұйымдастыру қызметі болып табылады.

Техникалық ерекшелікке сәйкес Жеткізуші:

- оқу курсын ұйымдастыруға және өткізуге;
- оқу бағдарламасы мен оқыту кестесін Тапсырыс берушімен келісуге;

Документ подписан: Есибаев К. Б., 05.03.2026

- қатысушыларды кемінде 4 жұлдызды қонақүйде 3 күн және 2 түнге орналастыруға;

- тамақтандыруды, көлікті, оқу материалдарын қамтамасыз етуге;

- сертификаттар мен қорытынды есепті ұсынуға міндеттенген.

Қызмет көрсету мерзімі 2025 жылғы 20 желтоқсанға дейін белгіленген.

Міндеттемелердің орындалмауына байланысты Тапсырыс беруші 2025 жылғы 31 желтоқсанда мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы шартты біржақты тәртіппен бұзған.

Тапсырыс беруші жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талаппен сотқа жүгінді, оны Жеткізуші шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындамағанымен негіздеді.

Жауапкер өз пікірінде талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрап, Тапсырыс беруші қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін қажетті тұлғалардың деректерін ұсынбағанын көрсеткен. Жеткізуші техникалық ерекшеліктің барлық талаптарын орындағанын, орналастыру шарттары, оның ішінде үш адамды орналастыру кезінде ер адамдар мен әйел адамдардың әртүрлі нөмірлерге орналастырылуы шарт талаптарына қайшы келмейтінін көрсеткен..

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, сотқа арызында көрсетілген уәждерге ұқсас түсінік берді.

Жауапкердің өкілі сот отырысында қарсы пікірінде көрсетілген уәждерге сілтеме жасап, талап қою арызды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі - Заң) 17-бабының 9-тармағына сай тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Заңның 8-бабы 4-тармағын сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған берушілердің тізбесін білдіреді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес

Документ подписан: Есибаев К. Б., 05.03.2026

азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізгі ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Ұсынылған материалдық құқық нормасының мазмұнынан міндеттеме тиісінше орындалды деп танылуы үшін орындаудың нысанасына, субъектілеріне, орнына, мерзіміне және тәсіліне қатысты барлық шарттар мен талаптардың сақталуы қажет екендігі туындайды.

Алайда Жеткізуші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған.

Сот анықтағандай, 2025 жылғы 04 желтоқсанда Жеткізуші веб-портал арқылы 2025 жылғы 08-10 желтоқсан аралығында оқыту өткізу туралы хабарлама жолдаған.

2025 жылғы 05 желтоқсанда Жеткізуші оқыту бағдарламасы мен оқыту кестесін орналастырған.

Сол күні Тапсырыс берушінің заң бөлімінің басшысы портал арқылы Жеткізушіге оқу бағдарламасын келісу және оқу курсының өткізу орнын нақтылау туралы хабарлама жолдаған, бұл қызметкерлерді іссапарға жіберуді ресімдеу үшін қажет болған.

Аталған хабарламаларға Жеткізуші жауап бермеген.

2025 жылғы 08 желтоқсанда Тапсырыс берушінің үш қызметкері Жеткізуші көрсеткен мекенжай бойынша (офиске) келген.

Әңгімелесу барысында Жеткізуші келісілген оқу бағдарламасын ұсынбағаны; оқыту өткізу орны алдын ала келісілмегені; орналастыру екі ер адам мен бір әйел адам үшін бір қонақүй нөмірінде жоспарланғаны анықталған.

Тапсырыс берушінің қызметкерлері мұндай шарттарды қабылдаудан бас тартқан.

Жанжалдан кейін Жеткізуші өкілдері полиция шақырылғанын хабарлаған.

Сол күні Жеткізуші портал арқылы Тапсырыс беруші тарапынан оқыту үдерісі бұзылды деген мазмұнда хабарлама орналастырған.

Өз кезегінде Тапсырыс беруші Жеткізушіге талап қоюға дейінгі хат

Документ подписан: Есибаев К. Б., 05.03.2026

жолдап, анықталған бұзушылықтарды көрсетіп, оқыту бағдарламасы мен ұйымдастырушылық ақпаратты ұсынуды талап етіп, қызметті 2025 жылғы 20 желтоқсанға дейін жаңа мерзімдерде көрсетуге ұсыныс жасаған.

Алайда шартты тиісінше орындау мүмкіндігі берілгеніне қарамастан, Жеткізуші талап қоюға дейінгі хатқа жауап бермеген, қызмет көрсету мерзімдерінің жаңа нұсқасын ұсынбаған, осылайша шартты орындаудан іс жүзінде жалтарған.

Көрсетілген қызметтердің актілері Жеткізуші тарапынан портал арқылы жолданбаған және Тапсырыс беруші тарапынан актілерге қол қойылмаған.

Міндеттемелер орындалмағанына байланысты Тапсырыс беруші 2025 жылғы 31 желтоқсанда мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы шартты біржақты тәртіппен бұзған.

Шартты бұзудың негізі ретінде өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамауы көрсетілген.

Жауапкердің келтірілген уәждерді төмендегі негіздер бойынша сот негізсіз деп есептейді.

Техникалық ерекшелікке сәйкес өнім беруші оқыту бағдарламасы мен кестесін тапсырыс берушімен келісуге міндетті.

Алайда портал арқылы жүргізілген хат алмасудан тапсырыс берушінің осындай ақпаратты сұратқаны, бірақ өнім берушінің оны ұсынбағаны анықталады.

Осылайша, өнім беруші шарт талаптарына қайшы түрде оқытуды ұйымдастыруға шарт талаптарын келіспей кіріскен.

Жауапкер тапсырыс беруші қатысушылардың Т.А.Ә. ұсынбағанын алға тартады.

Алайда шарт пен техникалық ерекшелік мазмұнынан Т.А.Ә. ұсыну шартты орындауды бастау үшін міндетті шарт болып табылатыны туындамайды.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші оқыту өткізу орнына қызметкерлерін жіберіп, қызметті қабылдауға дайын екенін растаған.

Тапсырыс берушінің қызметкерлері өнім беруші көрсеткен мекенжай бойынша келген.

Осылайша, жауапкердің қолжетімділік берілмегені туралы уәждері іс материалдарымен теріске шығарылады.

Жауапкер екі ер адам мен бір әйелді бір қонақүй нөміріне орналастыруды жоспарлаған.

Сот мұндай орналастыру шарттарын қызмет көрсету кезінде сақталуға тиіс ақылға қонымды стандарттарға сәйкес келмейді және тиісті емес деп есептейді.

Даудан кейін тапсырыс беруші өнім берушіге талап қою хат жолдап, 2025 жылғы 20 желтоқсанда қызметті қайта көрсетуге ұсыныс жасаған, яғни тапсырыс беруші өнім берушіге бұзушылықтарды жоюға мүмкіндік

Документ подписан: Есибаев К. Б., 05.03.2026

берген.

Алайда өнім беруші ұсынылған мүмкіндікті пайдаланбаған және шартты орындау бойынша қандай да бір әрекеттер жасамаған.

Жауапкердің тапсырыс беруші оқытуды Бурабай кентінде өткізуді талап етті деген уәжі дәлелдемелермен расталмағандықтан сотпен қабылданбайды.

Тапсырыс берушінің оқытуды аталған жерде өткізу туралы талабын растайтын қандай да бір құжаттарды жауапкер ұсынбаған.

Сонымен бірге іс материалдарынан қызмет көрсету орны өнім берушінің өзі арқылы айқындалғаны көрінеді, сондықтан жауапкердің тапсырыс берушінің бастамасына сілтемесі болжам сипатында болып табылады.

Осы жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс берушімен бұзылғандықтан, шартты бұзу орын алған заңды факт болып табылады.

Шартты бұзудың заңдылығы осы даудың нысанасы болып табылмайды, сондай-ақ жауапкер шартты бұзуды заңсыз деп тану туралы қарсы талап мәлімдемеген.

Сонымен қатар, өнім берушінің шарт талаптарын орындамауы нәтижесінде талапкер осы уақытқа дейін қызметті алмаған, яғни шарт жасасу кезінде күткен нәтижеге қол жеткізбеген, мемлекеттік сатып алу жоспары іске асырылмаған.

Бұдан бөлек, тапсырыс берушімен шарт жасасу мүмкіндігінен айырылған басқа да адал өнім берушілердің құқықтары бұзылған.

Іс бойынша ұсынылған дәлелдемелер мен мән-жайларды талдай отырып, сот талап қоюды қанағаттандыру қажет деген қорытындыға келеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 117-бабына сәйкес мемлекеттік баж мемлекет кірісіне өндірілуге жатады.

Документ подписан: Есибаев К. Б., 05.03.2026

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер «LK Astana» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы ішінара қанағаттандырылсын.

«LK Astana» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«LK Astana» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 996 (бір мың тоғыз жүз тоқсан алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Қ.Есибаев**

Документ подписан: Есибаев К. Б., 05.03.2026